



ҚАНАТ ӘУЕСБАЙҰЛЫ  
ӘУЕСБАЙ

14 қаңтар 1982 ж



ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ  
ИМИДЖДІК ЕСІМІ  
ӘУЕСБАЙДЫҢ ҚАНАТЫ

# Өмірбаян

1982 жылы 14 қаңтарда Жамбыл облысы, Тараз қаласында ұстаздар отбасында дүниеге келді. 1988 жылы Тараз қаласындағы №46 орта мектепке бірінші сыныпқа барды, онда 1991 жылға дейін оқыды.

1991-1997 жылдары Ыбырай Алтынсарин атындағы №49 орта мектебі және 1992-1997 жылдар аралығында Дина Нұрпейісова атындағы балалар саз мектебінде баян сыныбы бойынша білім алды.


1997-1998 жылдары Абай атындағы гуманитарлық колледжінің халық аспаптары бөліміндегі баян сыныбында оқыды. 1998-1999 жылдары Бауыржан Момышұлы атындағы №45 мектеп-гимназиясын бітірді

Журналист болуына өзінің айтуы бойынша 3 адам, 1 газет ықпал еткен. Алғашқы болып атасы Сақыпкерей болған. Атасының көз жанары көруден қалған. Өз ауылына келген сайын газеттер оқыттырып, хат жаздырған. Атасының көңілін аулау үшін басылымдарда жарық көрген әңгімелерді, тартымды мақалалардың қызықты жерлерін оқып беретін. Сөйтіп атасының газеттерінің арқасында қолына қалам алған



1996 жылы республикалық «Ұлан» балалар газетінде Жамбылдың 150 жылдығына орай мектебінде өткен кеш туралы «Ғасырдың қарт бұлбұлы» атты тұңғыш мақаласы басылды. "Ұлан" балалар газетінің тұрақты авторы болып, кейінірек "жас тілшісі" атанды





ҚАНАТ КӘСІБИ МУЗЫКАНТ, БАЯНДА ОЙНАЙДЫ,  
ДОМБЫРА ШЕРТЕДІ, ПИАНИНОДА ОЙНАУ ӨНЕРІ БАР. 9  
СЫНЫПТАН КЕЙІН ТАРАЗДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ  
КОЛЛЕДЖДІҢ ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ БӨЛІМІНЕ "БАЯН"  
СЫНЫБЫНДА БІР ЖЫЛ ОҚЫҒАН. КОЛЛЕДЖДЕ ЖҮРГЕНДЕ  
ҚҰРАМЫНДА БАЯН МЕН ЕКІ ДОМБЫРАСЫ БАР "СЕРІЛЕР"  
ТРИОСЫН ҚҰРҒАН. УНИВЕРСИТЕТТЕ "БЕЙБАРЫС" ТОБЫ  
ҚҰРАМЫНДА ӨН АЙТҚАН. ӨНДЕРІ БІР CD-ТАБАҚҚА ЕНДІ.  
УНИВЕРСИТЕТ ҚАБЫРҒАСЫНДА "ЖІГІТ СҰЛТАНЫ"  
БАЙҚАУЫНЫҢ 1-ОРЫН ИЕГЕРІ АТАНДЫ

# Білімі

1999 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне қабылданды. 2004 жылы оқу орнын үздік дипломмен бітіріп, 2004-2008 жылдары білімін осы университетте аспирантурада (күндізгі бөлім) жалғастырды.

2004 жылы Алматы қаласында өткен «Телерепортажға жаңаша көзқарас» семинарына қатысып «Internews network» халықаралық ұйымының сертификатын алды

2008 жылы Алматы қаласында өткен «Internews network» халықаралық ұйымының «Жаңалықтар қызметінің жұмысын ұйымдастыру» атты дистанционды семинарына қатысты.

2010 жылы «Қазақ телеарналарындағы қазіргі ақпараттық бағдарламалар табиғаты» тақырыбында диссертация қорғады.

2012 жылы 28-31 мамыр аралығындағы Беларусь мемлекетінде болған «Болашақ үшін серіктестік: жаңа дәуір моделі халықаралық медиа-форумның қатысушысы болды.

2012 жылдың 2-3 желтоқсан аралығында Астанада өткен «Ақпараттық тарату және жаңалықтар командасын жасақтау» тренингіне қатысып, «Автограф» продюсерлік орталығының (Екатеринбург, Ресей) сертификатын иеленді.





## Қызмет жолы

**2002-2003** жылдары — «Түркістан» халықаралық газетінің тілшісі;

**2003-2009** жылдары — «Европа плюс Қазақстан» радиосында сазды жүргізуші;

**2003-2004** жылдары — «Информбюро» ақпараттық бағдарламасында тілші, «31-телеарна»[7];

**2004-2006** жылдары — Ақпараттық бағдарлама тілшісі, «Қазақстан» телеарнасы;

**2006-2009** жылдары — Ақпараттық бағдарлама редактор-сарапшысы, «Қазақстан» телеарнасы;

**2009-2010** жылдары — Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті оқытушысы;

**2011** жылдың наурыз-сәуір аралығында Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған «Қазақстан. Менің елім» бағдарламасының авторы, жүргізушісі, «Қазақстан» телеарнасы;

**2010-2011** жылдары — «Апта.kz» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасының жүргізушісі, шеф-редакторы, «Қазақстан» телеарнасы;

**2011** жылдың 1 қыркүйегінен бастап Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультеті, телерадиожурналистика және бұқарамен байланыс кафедрасының доценті[3];

**2011** жылдың желтоқсанынан бастап 2013 жылдың ақпанына дейін — «Өзекжарды» телесұхбатының ауторы әрі жүргізушісі, «Қазақстан» телеарнасы[1].

**2012** жылдың 2 қарашадан бастап 2013 жылдың ақпанына дейін — "Қазақстан" Ұлттық арнасындағы қоғамдық-саяси "Алаң" ток-шоуын жүргізді.



Еуразия телевизия және  
радио Академиясының  
мүшелік сертификатын  
Академия президенті  
Валерий Рузиннің тапсыру  
сәт

## Қоғамдық қызметі


Франция, АҚШ, Швейцария, Грекия, Біріккен Араб Әмірлігі, Сауд Арабиясы, Қытай, Түркия, Марокко, Моңғолия, Ауғанстан, Иран, Пәкістан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Малайзия сияқты елдерге барып, қоғамдық-саяси маңызы бар репортаждар дайындады

2011 жылы 14 наурыздан бастап, 14 күн бойы Қазақстанның 14 облысының тәуелсіздік тұсындағы жетістіктерін қамтыған "Қазақстан. Менің елім" телекөрсетілімін жүргізді[8]. "Қазақстан" телерадиокорпорациясы төрағасының бірінші орынбасары болған Ляззат Мұратқызының сенім білдіруінің арқасында Астанаға ауысып, "Апта.KZ" бағдарламасын қолға алды.

Халықаралық "Диалог-Еуразия" платформасы сынды беделді ұйымның жастар комитетінің мүшесі. Актерлікке талпыныс жасап, бір рет тұңғыш қазақстандық "SitCom" форматындағы "Айналайын" сериалына тележурналисттің рөлін ойнаған. Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетінің доценті. 2012 жыл қорытындысы бойынша "Айқын" газетінің ұйғарымымен "үздік тележүргізуші" атанды.

2011 жылдың желтоқсанында Сүлеймен Демирель университетінің Алматы қаласы жоғарғы оқу орнының студенттері арасында өткізген "тәуелсіздік ұрпағы - тәуелсіздік көзімен" шығармашылық байқауында үздік шыққан білімгер Гүлбақыт Асылбек "Қанат Әуесбай" атындағы Дипломмен марапатталды.[7]

2013-2014 жылдар аралығында Ұлыбританиядағы Норвич қаласында Шығыс Англия университетінің қазақстандық студенттер қауымдастығының вице-президенті болды.



БЕЛГІЛІ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ НҰРТІЛЕУ  
ИМАНҒАЛИҰЛЫНЫҢ ТЕЛЕВИЗИЯДАҒЫ 40 ЖЫЛҒА ЖУЫҚ  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ АРНАЛҒАН «БАЙ-ҚУАТТЫ  
БОЛАЙЫҚ!» БЕНЕФИСІНІҢ ЖҮРГІЗУШІСІ ӘУЕСБАЙДЫҢ  
ҚАНАТЫ МЕН ӘНШІ, АКТРИСА АЙГҮЛ ИМАНБАЕВА БОЛДЫ.  
МҰНДАЙ БЕНЕФИС-КЕШ ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫ ТАРИХЫНДА  
ТҰҢҒЫШ РЕТ ӨТТІ. [

# Арнайы репортаждары

**2005** жылдың қазанның 8-де болған Пәкістандағы жойқын зілзала туралы репортаждар;

**2005** жылғы Қырғызстандағы «Қызғалдақ» төңкерісі туралы репортаж;

**2007** жылы қазанның 16-20 аралығында Ауғанстанның мәдени орталығы - Герат қаласында өткен экономикалық ынтымақтастық Ұйымының сыртқы істер министрлері Кеңесінің 17-ші отырысынан репортаж;





## Лақап аты

Қанат Әуесбай өз лақап аты ретінде «Әуесбайдың Қанаты» дегенді қолданады, бұл туралы республикалық қоғамдық-саяси «Айқын» газетіне сұхбатында айтады:

## Отбасы

Әкесі — Әуесбай Бақбергенұлы Тоқпанбет, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінің (бұрынғы педагогикалық училище) оқытушысы, кафедра меңгерушісі, Красногор (қазіргі Қордай) аудандық мәдениет бөлімінің бастығы, білім саласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы медаль иегері;

Анасы — Рабиға Сақыпкерейқызы Қайрошева, "ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері" төсбелгісімен марапатталған;

Жұбайы — Баян Жалғасбекқызы Тұрсынбаева;

Балалары — Ералы Қанатұлы Әуесбай



# Марапаттары

2008 жылы — ҚР байланыс және ақпарат министрлігінің марапаты;

2009 жылы — «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанатының марапаты;

2010 жылы — Алматы облысы әкімінің алғыс хаты;

2010 жылы — «Қазақстан РТРК» АҚ алғысы;

2011 жылы 1 желтоқсан — ҚР байланыс және ақпарат министрлігінің дипломы, «Тәуелсіз Қазақстанның гүлденуіне арналған ең үздік тележоба» аталымының жеңімпазы;

2011 жылы — «Айқын» газетінің ұйғарымы бойынша «Үздік тележүргізуші»;

2012 жылы — Парламент және мәслихат депутаттарын сайлау кезіндегі белсенді қызметі үшін «Нұр Отан» ХДП төрағасы Н.Назарбаевтың алғыс хаты;

2012 жылы — Алматы қалалық тіл, мұрағат және құжаттама басқармасы ұйымдастырған «Мемлекеттік тіл және БАҚ» байқауының «Үздік тележурналист» аталымының жеңімпазы;

2012 жылы — Қазақстан журналистер одағы сыйлығының лауреаты; [6]

13 желтоқсан 2012 жылы — Оңтүстік Қазақстан облысының 80 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық шығармашылық байқауда электрондық БАҚ бойынша бас жүлде;

4 қаңтар 2013 жыл — Бас редакторлар клубы ұйымдастырған "Асыл сөз құдыреті" республикалық журналистер байқауының "экономика мәселесі бойынша үздік материал" номинациясының жеңімпазы [32]

2013 жыл — Қазақстан жастар Одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты.

## Мақалалары

Медиа-орталыққа мағыналы  
атау керек; (9 қараша 2011) [33]

Ұлттық арнаның тартулары; (1  
қыркүйек 2011) [34]

Ұлттық арнада - «Сыр-Сұхбат»;  
(26 мамыр 2011) [35]

Ұлттық арнада «Пай-пай шоу»;  
(4 қараша 2010) [36]

Ұлттық арнада «Балапан» қанат қақты; (30 қыркүйек 2010) [37]  
«Қазақстан» телеарнасы қырық екі сериялы туынды түсіріп жатыр;  
(12 тамыз 2010)

Ақылы қызметке аң-таңмын... (10 ақпан 2010) [39]

Бес бақыт; (5 мамыр 2012)

Елордада «Ұлттық арна» көшесі ашылса; ("Халық сөзі" газеті)

Бауыржан Байбек: Билік басына рухани бай адам келуі  
керек; [42]

Сүлейман Демирель, Түркия Республикасының экс-президенті:  
Түркі дүниесінде ешкім ешкімнен де жоғары емес, ешкім  
ешкімнің ағасы да емес

Қазақ қаржыгерінің формуласы әке-көке, руластық емес, жан-  
жақты білім болуы керек

**Назарларыңызға рахмет!**